

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.3 - С. 347 -349

## **ТАБИҒИ ЖАЙЫЛЫМДАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЖАҚСARTУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Турсынов О.К., Хадыс А.*

Қазіргі уақытта бұрынғы колхоздар мен совхоздардың жойылып, әртүрлі агро-күрылымдардың (АО, ЖШС, және шаруа қожалықтары) қалыптасуына байланысты жайылымдарды пайдалану жүйесі де өзгерген. Егер бұрындары жер иелері өздерінің жайылымдық жерлерінің дәл шекарасын біліп, оларды маусымдық пайдаланса, қазіргі кезде жайылымдардағы мал жүйесіз жайылуда.

Еліміздегі көпшілік аудандар өнеркәсіптік өндіріс пен қатар қарқынды егіншілікпен айналысатыны белгілі, сондықтан, жергілікті халықтың қызметі негізінен елді мекен маңындағы аймақта шоғырланған. Мұның бәрі жергілікті тұрғындар егіншілік пен өнеркәсіптегі жұмысты мал шаруашылығымен үйлестіріп, ауыл маңындағы жайылымдарды көбірек пайдалануларына әкеліп соғады. Ал ауылдардан едәуір қашықтықта орналасқан шалғайдағы жайылымдарды пайдалану қаржылық қиындықтарға, көліктің болмауына және басқа себептерге байланысты күрделі болып отыр. Осылайша жайылымдарда малдың біркелкі орналаспауы ауылдарға іргелес жатқан жайылымдық учаскелердің одан әрі тозуына әкеледі.

Жайылымдардың тозуы табиғи мал азықтық жерлердің негізгі проблемасы болып табылады. Көбінесе мал жаюға ең қолайлы жайылымдар тапталып тозуға ұшырайды. Кейбір мәліметтер бойынша, елдегі тозған жайылымдық жерлердің жалпы ауданы 48 млн.гектардан асады (жайылымдардың жалпы ауданының 26%)[3].

Тозған жайылымдарға келетін мал басының жүктемесін азайту үшін шалғайдағы жайылымдарды неғұрлым белсенді пайдалану қажет. Табиғи жайылымдарды қалпына келтіру, оларды жақсарту, сондай-ақ жайылымдарды басқару және пайдалануда қалыптасқан қолайсыз жағдайды өзгерту негізгі міндет болуы тиіс. Біздің ойымызша, ол үшін әрбір жайылымдық алаптарды пайдаланушылар олардың жай-күйін қадағалап, қамқорлық жасап отыруы керек.

Табиғи шабындықтар мен жайылымдар ҚР-ның мал шаруашылығының жем-шөп балансында жетекші орын алады. Алайда бір жағынан жем-шөп алқаптарын көп жылдық қарқынды пайдалану, екінші жағынан, күтім

шараларының болмауы олардың пайдалы алаңының күрт төмендеуіне әкелді, бұл өз кезегінде мал шаруашылығының өсуіне айтарлықтай кедергі келтіреді.

Осыған байланысты табиғи шабындықтар мен жайылымдарды ұтымды пайдалану және өнімділігі төмен жерлерді жоғары өнімді жерлерге айналдыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Ретсіз мал жаюдың зияндылығы жайылымдық шөптің шығымдылығына және түрлік құрамына, әсіресе мал азықтық өсімдік жамылғысына үлкен әсер етеді. Осындай жайылымдарда малдың тым көп мөлшерде және тұрақты жайылу жүктемесінен олар малмен үнемі толықтай желініп, өсіп-өну мүмкіндігінен айырылады, тапталып, ескіріп бірте-бірте мүлдем жойылады. Ал керісінше, азықтық емес өсімдіктерге жайылымда қолайлы жағдайлар туындайды, яғни олар малмен желінбейді, жақсы дамиды, тұқымдалады және мал жаю әсерінен жойылып бара жатқан мал азықтық шөптердің біртіндеп орнын басады.

Мал жаю барысында жайылымдарды нашарлатпау үшін малдың оңтайлы жүктемесінен асырмау, маусым ішінде және жылдар бойынша жайылымдарды пайдалану мерзімдері мен жиілігін сақтау және ауыстыру, сонымен қатар мұның бәрі жайылымдарды күту және жақсарту жөніндегі іс-шаралармен үйлестірілу қажет.

Мал басын жайылымдарға орналастыру кезінде олардың жайылым өсімдіктерін жеу ерекшеліктері ескеріледі. Кейбір зертеушілердің көрсетуі бойынша, мәселен, қойлар ең алдымен бұршақ дақылдары мен түрлі шөптерді сүйсініп жесе, далалық дәнді дақылдар, тек масақтанғанға дейін жақсы желінеді. Негізінен олар майда өсімдіктерді жеуге дайын, үлкендерінде олар әдетте тек жапырақтары мен ең нәзік бөліктерін ғана жейді. Жылқылар басқа жануарларға қарағанда астық тұқымдастар-бетеге, селеу, еркекшөп және т.б. жасыл және құрғақ түрінде де жейді. Ірі қара мал бұршақ, шалғынды дәнді дақылдарды, әртүрлі шөптерді жегенді жөн көреді. Өсімдіктерді ең төменге, кейде жерге дейін қойлар мен жылқылар ғана жейді, ал ірі қара мал оларды кем дегенде 3-5 см төмен жемейді екен[2].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қойлар үшін көктемгі кезеңде орта таулы бетегелі дала, жазда-биік таулы шырынды және нәзік өсімдікті шөпті шалғындар, сондай-ақ биік бетегелі, күзде-жусанды далалар жақсы жайылымдар болып табылады. Жылқылар үшін дәнді дақылдар басым жайылымдар, мысалы, бетегелі және жусанды далалар, сондай-ақ арпа жайылымдары жақсы болып табылады. Ірі қара мал үшін жайылмалы, биік шөпті шалғындар, дәнді-шөпті шалғынды дала жақсы жайылым болып табылады.

Жайылымдық жемді жануарлардың әртүрлі түрлерімен пайдаланудың бірдей еместігін ескере отырып, кейбір зерттеушілер жер оттылығын толығымен пайдалану үшін жайылымдарда әртүрлі жануарларды жаюды немесе әртүрлі жануарлардың жайылымдарды кезектестіріп пайдаланылуын ұсынады[4]. Оларды пайдалану мерзімдері мен жиілігі келесідей негізгі екі талапты ескере отырып белгіленуі тиіс: біріншіден, жайылымнан қоректік заттардың барынша көп мөлшерін алу, яғни бұл талапты орындау үшін жайылымды пайдалануды ондағы қоректік заттардың қоры өте жоғары

болған кезде бастау керек. Бұл шөптің шығымдылығы мен қоректілігінің артуын және жануарлардың өсімдіктермен қоректенуін ескереді. Екіншіден, мал жайылу салдарынан жайылым сапасының нашарлауының алдын алу және оларды дұрыс пайдалануды жақсарту, яғни бұл талапты орындау үшін мал жаюдың әр түрлі мерзімдері мен жиілігінің жайылымдық өсімдіктердің өзгеруіне тигізетін әсерін білу қажет.

Негізінен табиғи жайылымдарды пайдаланудың екі әдісі бар: жүйесіз немесе еркін және қоршалған жайылым. Соңғысының ерекшелігі малды жайылымдау кезінде жануарларға қоршалған жайылым жем-шөп қоры бойынша бірнеше күнге емес, бір күнге немесе тіпті бірнеше сағатқа, яғни порциямен беріледі. Ал жүйесіз еркін жайылу кезінде жайылымның бүкіл территориясын жануарлар бір мезгілде ұзақ уақыт бойы немесе бүкіл жайылымдық кезеңде пайдаланады. Осылай жайылу кезінде жануарлар ең жақсы жем-шөп өсімдіктерін таңдап жеп, оларды әлденеше рет пайдаланғандықтан, олардың жойылуына әкеліп соғады. Сонымен қатар, жеуге нашар болатын өсімдіктер желінбегендіктен, жем-шөптің ботаникалық құрамы жылдан жылға нашарлайды. Жайылымнан бірнеше рет өткенде, жануарлар топырақты тығыздап, өсімдіктер ластанып, тапталады, яғни олардың желінуі де нашарлайды.

Ал малды қоршалған жайылымда жайғанда, жануарлар осы жайылымдарда аз уақыт болғандықтан, ондағы өсімдіктер қайта өсіп, тез қалпына келеді. Сондай мал басын қоршалған жайылымда жаю кезінде жайылымның ауданы еркін жайылымға қарағанда шамамен 30%-ға аз болады, тапталған шөп саны азаяды, жануарлардың өнімділігі артады, шөптің сапалық құрамы мен жайылымдардың шаруашылықтық жағдайы жоғары деңгейде сақталады[5].

Дегенмен, жайылымдық шөптерге мал жаюдың әртүрлі мерзімдері мен жиілігі бірдей әсер етпейтінін ескере отырып, жайылымдық учаскелерді маусым ішінде және жылдар бойынша пайдалану мерзімдері мен жиілігін ауыстыру қажеттілігі туындайды, яғни жайылымдық айналым жасау.

Жайылымдық айналымы жүйесінде әрбір 3-5 жыл сайын танаптардың бірінде демалу немесе кеш пайдалану қарастырылады, яғни бұл танапты демалдыруға тең келеді. Бұл өсімдіктердің жақсы дамуына және тұқымдалуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, демалыс танаптарында жайылымдарды жақсарту бойынша іс-шараларды жүргізуге де өте ыңғайлы. Жайылымдарды ұтымды пайдалану шараларының оларды жақсарту жөніндегі шаралармен үйлесуі неғұрлым тиімді болып табылады.

Республикадағы жайылымдардың жалпы ауданынан шамамен 18% сырттағы таулы және биік қыратты алқаптарда, салыстырмалы түрде жайпақ беткейлерде орналасқан[3]. Мұндай аудандарда жер бедері жайылымдық айналымдарының енгізілуіне кедергі болмайды. Ең болмағанда жайылым алқаптарын жылдар бойынша пайдалануды кезектестіруге, ал кейбір массивтерді демалуға немесе кейінірек пайдалануға қалдыруға болады. Тіпті бұл шараның өзі жайылымдардың тозуын күрт төмендетеді немесе тоқтатады. Көптеген таулы және қол жетімді емес шалғай жайылымдар үшін

жайылым айналымы жүйесінде ұтымды пайдалану оларды жақсартудың жалғыз шарасы болып табылады.

Жайылымдық айналымдарды әзірлеу кезінде жайылымдардың негізгі типтеріндегі шөптің ботаникалық құрамы, оның жай-күйі мен даму ерекшеліктері, түсімділік серпіні, өсімдіктердің жануарлармен желінуі, мал жаю жиілігі және жайылымдық өсімдіктердің мал жаюға төзімділігі, жайылымдарды демалуға немесе кеш пайдалануға қалдырудың орындылығы мен мерзімдері, мал жаю мерзімдерін ауыстыру мүмкіндігі, сондай-ақ аймақтың климаттық жағдайлары ескеріледі.

Осындай аймақта мал жаюдың қашалау жүйесін қолдана отырып, табиғи жайылымдардың территориясын дұрыс орналастыру, қысқа мерзімде жайылымдардың, ал ол өз кезегінде, жануарлардың өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан жайылымдық айналым жүйесіндегі табиғи жайылымдардың территориясын дұрыс орналастыру мал шаруашылығымен айналысатын барлық шаруашылықтарда кең таралуы керек.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Асанов К.А., Алимбаев И.И. Новые формы организации и управления аридными пастбищами Казахстана. Проблемы развития пустынных районов.- 1990.-№4-5;
2. Асанов К.А., Алимбаев И.И. Пастбищные угодья Казахстана в условиях реализации реформ. //Кормопроизводство.-М., 2001-№9;
3. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы жер жағдайы және оны пайдалану туралы жиынтық талдамалы есебі, Астана 2019
4. Специалисты назвали причины деградации пастбищ в Казахстане //http://meta.kz/novosti/kazakhstan/735200-specialisty-nazvali-prichiny-degradaciipa-stbisch-v-kazakhstane.html.
5. Кервен С., Алимбаев И.И. Животноводство при современном выпасе. Бюллетень по агрономии Казахстана, 2000-№11-12.
5. Desertification Combat and Food safety. В. Faye and P. Esenov (Eds.) JOS Qress, 2005.

*Жетекшісі: э.ғ.к., доцент Карбозов Т.Е.*